

7 Alexandrova, E.V. Factors of development of the regional innovative economy [Text] / E.V. Alexandrova, S.A. Mokhnachev, S.N. Suetin, N.P. Shamaev // Fundamental research. - 2015. - No. 12.- Part 2. - PP. 331-336.

8 Alimbetov, U.S. Analysis of the state and trends of innovative economic development

[Text] / U.S. Alimbetov, G.Z. Zainelova, N.N. Krause, Z.M. Turdieva // Bulletin of the Turan University. - 2018. - No. 3 (79).– PP. 9-15.

9 Agametova, O.N. Regional Innovation Infrastructure: Relevant Issues of Development [Text] / O.N. Agametova // Problems of the territorial development.- 2013.-No.3(65).- PP. 42-51.

ҒТАХР 06.75.11
ӘОЖ 338.43

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ АГРОӨНЕРКӘСІПТІК ӨНДІРІСІН ДАМУҒА АРНАЛҒАН
АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР**

**СПЕЦИАЛЬНЫЕ ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ЗОНЫ ДЛЯ РАЗВИТИЯ
АГРОПРОМЫШЛЕННОГО ПРОИЗВОДСТВА КАЗАХСТАНА**

**SPECIAL ECONOMIC ZONES FOR THE DEVELOPMENT
OF AGRICULTURAL PRODUCTION IN KAZAKHSTAN**

С.Т. ЖҰМАШЕВА^{*1}

э.ғ.к., доцент

Б.Ш. СЫЗДЫҚОВ²

э.ғ.д.

Ә.С. ӘБІЛҚАСЫМ²

экономика ғылымдарының магистрі

¹Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты, Алматы, Қазақстан

²Халықаралық гуманитарлы-техникалық университеті, Шымкент, Қазақстан
kazniiapk@mail.ru

С.Т. ЖУМАШЕВА¹

к.э.н., доцент

Б.Ш. СЫЗДЫКОВ²

д.э.н.

А.С. АБИЛКАСЫМ²

магистр экономических наук

¹Казахский НИИ экономики АПК и развития сельских территорий, Алматы, Казахстан

²Международный гуманитарно-технический университет, Шымкент, Казахстан

S.T. ZHUMASHEVA¹

C.E.Sc., Associated Professor

B.SH. SYZDYKOV²

Dr.E.Sc.

A.S. ABILKASYM²

Master of Economic Sciences

¹Kazakh research institute of economy of agro-industrial complex and rural development,
Almaty, Kazakhstan

²International University of Humanities and technology, Shymkent, Kazakhstan

Аңдатпа. Экономиканы басқару әдісі – арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) құру талданған. Оларға тән ерекшеліктері мен негізгі белгілері анықталған. Өңірді жедел дамыту, республиканың АӨК-нің әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне кіруін жандандыру, тиімділігі жоғары құрылымдар құру, тауарлардың жаңа түрлерін өндіруді игеру, олардың сапасын жақсарту және ассортиментін ұлғайту, инвестициялар тарту мақсатында осы

экономикалық саланың маңызы қарастырылуда. Аумақты кеңейту ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға және мұнда жаңа кәсіпорындарды орналастыруға мүмкіндік береді. Еркін экономикалық аймақтардың әлемдік рейтингісіне енген "Оңтүстік" АЭА ауыл шаруашылығы өнімдерін шығаруға, берілген жеңілдіктер негізінде, соның ішінде мақта шаруашылығы саласында мамандандырылған шаруашылықтар санының өсуіне бағытталған. Аграрлық өндірістің көрсеткіштері ұсынылған және жұмыс істеп тұрған объектілер арасындағы кооперациялық байланыстарды іске асыруда, әлеуметтік – экономикалық проблемаларды шешуде маңызды құрамдас болып табылатын "Оңтүстік" мамандандырылған экономикалық аймағының одан әрі қызметінің бағыттары негізделгендігі ұсынылған. Авторлар елдің оңтүстігінде ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кластерін құру импортқа тәуелділікті төмендетеді және экспортты арттыруға ықпал ететінін айтады, бұл өз кезегінде жалпы ішкі өнім көлемін, республика халқының өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыру мен жұмыссыздықты қысқартудың шешуші және қозғаушы факторы болып табылады.

Аннотация. Проанализирован метод управления экономической – создание специальных экономических зон (СЭЗ). Выявлены их характерные особенности и ключевые признаки. Рассматривается значение этой экономической сферы в целях ускоренного развития региона, активизации вхождения АПК республики в систему мировых хозяйственных связей, создания высокоэффективных структур, освоения производства новых видов товаров, улучшения их качества и увеличения ассортимента, привлечения инвестиций. Расширение территории позволит реализовать крупные инвестиционные проекты и разместить здесь новые предприятия. Отмечается, что СЭЗ «Оңтүстік», которая вошла в мировой рейтинг свободных экономических зон, ориентирована на выпуск сельскохозяйственной продукции, рост численности специализированных хозяйств на основе предоставленных льгот, в том числе в хлопководческой отрасли. Представлены показатели аграрного производства и обоснованы направления дальнейшей деятельности специализированной экономической зоны «Оңтүстік» – важной составляющей в реализации кооперационных связей между функционирующими объектами, решении социально-экономических проблем. Авторы констатируют, что создание кластера по переработке сельскохозяйственного сырья на юге страны снизит импортозависимость и будет способствовать наращиванию экспорта, что, в свою очередь, является решающим и движущим фактором повышения объемов валового внутреннего продукта, уровня и качества жизни населения республики и сокращения безработицы.

Abstract. The method of economic management - the creation of special economic zones (SEZ) is analyzed. Their characteristic features and key features are revealed. The article considers the importance of this economic sphere in order to accelerate the development of the region, intensify the entry of the AIC of the republic into the system of world economic relations, create highly efficient structures, master production of new types of goods, improve their quality and increase the assortment, attract investment. The expansion of the territory will make it possible to implement large investment projects and place new enterprises here. It is noted that the Ontustik SEZ, which is included in the world ranking of free economic zones, is oriented towards agricultural output, an increase in the number of specialized farms based on the benefits provided, including in the cotton industry. The indicators of agricultural production are presented and the directions of further activities of the specialized economic zone "Ontustik" are justified—which is an important component in the implementation of cooperative ties between functioning facilities, the solution of socio-economic problems. The authors state that the creation of a cluster on processing of agricultural raw materials in the south of the country will reduce import dependence and contribute to increasing exports, which, in turn, is a decisive and driving factor in increasing the volume of gross domestic product, the level and quality of life of the population of the republic, and reducing unemployment.

Түйінді сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, арнайы экономикалық аймақ, өңірлер, бәсекеге қабілеттілік, ресурстар, экспорт, импорт, жеңілдіктер, инновациялар, технологиялар, кластер.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, специальная экономическая зона, регионы, конкурентоспособность, ресурсы, экспорт, импорт, льготы, инновации, технологии, кластер.

Keywords: agro-industrial complex, special economic zone, regions, competitiveness, resources, export, import, benefits, innovations, technologies, cluster.

Кіріспе. Арнайы экономикалық аймақтар (АЭА) құру – тарихы жүздеген жылға созылатын экономикалық құбылыс. Қазіргі

уақытта әлемде 600-ден астам әр түрлі АЭА бар, іс жүзінде барлық дамыған және қарқынды дамушы елдерде (120-ға жуық

және осы тақырыпқа сай басылымдарда жарияланған материалдар қолданылды.

Еркін порттар немесе еркін сауда аймақтары, экспорттық өнімді өңдеу аудандары немесе ғылыми-өнеркәсіптік парктер деп аталады. Бірақ олар қалай аталса да, бұл экономикалық қызметке ерекше саясат қолданылатын ел шегінде бөлінген ерекше аудандар немесе салалар [1].

Дамушы елдерде АЭА-ға тартылатын капиталдың негізгі көзі шетелдік инвестициялар болып табылады, ал дамыған елдерде ұлттық жеке капиталды тарту жолымен депрессивті өңірлердің қызметін экономикалық нығайту, мемлекеттік дотациялар мен кредиттер бөлу АЭА дамуының басым бағыты болып табылады және аймақтарда ауыл шаруашылығы өндірісіне инновациялық жүйені енгізуде арнайы аумақтық инновациялық бағдарламаларды қарастыруға аса көңіл бөлінеді [2].

Инновациялық бағдарламаларда ауыл шаруашылығы шаруашылық субъектілерінен бөлек басқа да экономикалық аймақта қызмет етуші және өндіруші субъектілер ғылыми жобаларды өндіріске енгізуді және интеллектуалдық күшті жұмылдыруға қызығушылық танытады.

Сонымен қатар экономикалық аймақтағы жергілікті басқарушылық инновациялық үрдістерді қолдау мен реттеудегі және тиімділікті бақылауды күшейтуге көңіл бөлген [3]. Ауыл шаруашылығының дамуына елеулі әсер ететін ғылыми-техникалық прогрестің рөлін арттыру мен инновациялық үдерісті күшейту ауыл шаруашылығы өнімінің өнімділігінің артуына және тұрақты дамуы мен бәсекелік қабілеттілікті күшейтуге алып келеді. Елімізде арнайы экономикалық аймақтарды құрудың маңыздылығы да аталған мәселені шешуге бағытталады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Арнайы экономикалық аймақтардың жұмыс істеуінің қазақстандық және шетелдік тәжірибелерін талдаудың негізінде, ұлттық және аймақтық экономиканың мәселелері бойынша жетекші отандық және шет елдік ғалымдардың жұмысы және Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы болды. Тақырыпты зерттеудің әдістемелік негізі ретінде экономикалық-статистикалық, монографиялық, салыстырмалы экономикалық талдау әдістері қолданылды. Аграрлық сала экономикасын зерделеу барысында экономикалық-статистикалық әдіс қолдану арқылы статистикалық деректерге талдау жасалынды. ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетеінің мәліметтері

Зерттеу барысында еліміздегі арнайы экономикалық аймақтарды бірнеше топтарға бөліп қарастыру мен арнайы экономикалық аймақтардың құрылу ерекшеліктерін және оларды құру арқылы ауыл шаруашылығында жаңа технологияларды енгізуді зерттеуде талдау және синтез әдістері қолданылды. Салыстырмалы экономикалық талдау әдісін қолдану негізінде жеке және жалпы көрсеткіштер салыстырылып, аграрлық саладағы өсу тенденциялары талданды. Салыстырмалы талдау әдісін қолдана отырып, Қазақстанда аграрлық өндірістің тиімділігін жоғарылататын, агроөнеркәсіп кешенінің бәсекеге қабілеттілік деңгейін арнайы экономикалық аймақтарды құру арқылы көтеру бағыттары қарастырылды. Түркістан облысында құрылған «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақтың жаңашыл іс-әрекеттеріне Түркістан облысы әкімдігінің мәліметтеріне сүйене отырып зерттеу жүргіздік.

Нәтижелер және талқылау. Бүгінде Қазақстанның ауыл шаруашылығы – экономиканың негізгі салаларының бірі. Оның негізгі мақсаты – халық пен жеңіл өнеркәсіп үшін шикізатпен және азық-түлікпен қамтамасыз ету. Қазақстанның ауыл шаруашылығы үлкен әлеуеті мен ірі қорларына ие. 2018 жылы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі республика бойынша 4 388,6 млрд. теңге құрады, ол 2017 жылға қарағанда 7,8%-ға артқан. 2017-2018 жылдарда ауыл шаруашылығының жалпы өнімінде мал шаруашылығы 2017 жылы 44,4%, ал 2018 жылы 46,6% үлес салмағын құраса, өсімдік шаруашылығы керісінше бұл жылдарда үлес салмағының 55,3%-дан 53,1%-ға төмендегенін байқаймыз (1 сурет).

Егін шаруашылығы бойынша өнім құны 2018 жылы 2 331,8 млрд. теңге құрап, 2017 жылмен салыстырғанда өнімділігі 3,7 артқан, ал мал шаруашылығы бойынша 2 044,9 млрд. теңгені құрап, 12,9 пайызға артуы байқалып отыр. Осылайша, ҚР экономикасының басқа салалары ұшыраған экономикалық және қаржылық дағдарыстарға қарамастан, оларға қарағанда Қазақстанның ауыл шаруашылығының жалпы өнімі тұрақты оң өсу динамикасын көрсетеді. Сонымен қатар, Қазақстанның ЖІӨ-дегі ауыл шаруашылығының үлесі 2018 жылдың 9 айында 4,2%-ды құрады (салыстыру үшін бес жылдың орташа мәні 2014 жылдан бастап 4,5%-ды құрады). Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің (қызметтерінің) нақты көлем индексі соңғы жылдары оң

[illegible]

баяулауы есебінен төмендейді.



Ескерту – ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Статистика Комитетінің мәліметтері бойынша құрастырылған

1 сурет – 2014-2018 жж. аралығындағы ауыл шаруашылығы өнімдері мен қызметтерінің салалар бойынша жалпы өнім құны, млрд. тг

Республика бойынша 2018 жылы 21,9 млн га егістік жерлер пайдаланылды және ол көрсеткіш бойынша әлемде алтыншы орында тұр. Дәнді дақылдар егістігі 15,2 млн га құрады, оның ішінде бидай – 11,4 млн га, картоп – 1,9 млн га, майлы дақылдар – 2,8 млн га, техникалық – 1,5 млн га, көкөніс және бақша – 2,5 млн га, жемшөптік – 3,3 млн га құраған. Елде жан басына шаққандағы ауыл шаруашылық өнімдері өте жоғары. Ал, ел бидай өндірісінен Канададан кейінгі екінші орында.

Ауыл шаруашылығын кешенді дамыту деңгейі әрқашан еліміздің экономикалық және әлеуметтік-саяси тұрақтылығынын шешуші факторы болып қала бермек. Қазақстанның климаттық жағдайлары, қалыпты жылу белдеуі егін шаруашылығындағы барлық дақылдарын өсіруге және мал шаруашылығын дамытуға мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарына инновациялық жүйені, жаңа технологияларды енгізудің негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті жоғары сапалы өнім өндіру және өнімнің өзіндік құнын төмендету және ауыл шаруашылығы өнімдерінің ассортиментін кеңейту, ауыл шаруашылығы сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру болып табылады [4].

Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің қазіргі әлеуеті көптеген ауыл шаруашылық өнімдерін экспорттау арқылы алдыңғы

қатарлы аграрлық ел болуына үлкен мүмкіндіктер береді. Қазақстан экспортқа астық, мақта, ет, былғары, қаракөл терілері шикізаттарын шығаруда және осы шикізаттарды прогресивті технологияның негізінде бәсекеге қабілетті дайын өнім өндіретін өнеркәсіптерді дамытуды қолға алған.

Ауыл шаруашылығына жаңа технологияны енгізу мүмкіндіктерін ашуда арнайы экономикалық аймақтарды (АЭА) құрудың маңызы жоғары. Ал, ауыл шаруашылығында жаңа құрал-жабдықтардың өндірістік өнімділігін арттыруда дамыған заманауи инновациялар арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылық кәсіпорындарын өндірістік кәсіпорындармен қатар, ауыл шаруашылығы қайта өңдейтін кәсіпорындар өндірісі өнімділігін арттыру және арнайы экономикалық аймақ төңірегіне шоғырландыра отырып, дамыған инфрақұрылымдық жүйеде өнімділігі мен сапа мәселесін шешу және импортқа төтеп беретін бәсеке қабілеттілікті және ассортименттік жүйесін жетілдіру еліміздің азық-түлік мәселелерін шешуде маңызды рөлге ие. Ауыл шаруашылығы кластерін құру және экспортты арттыру мен импортты тежеу еліміздегі арнайы экономикалық аймақтарда берілген жеңілдіктер мен қолдаудың негізінде қамтамасыз етіледі.

Дамыған елдерде ауыл шаруашылығы инновация мәселелеріне аса көңіл бөлін-


ген. Сонымен қатар, арнайы экономикалық аймақтарда инновациялық өндірісті дамытуға, технопарктерді құруда мемлекеттік жеңілдіктер мен қолдаулар қарастырылған. Канадада ауыл шаруашылығының өндірісін инновациялық жүйемен жанастыруда мемлекеттік бағдарламалар және қолдаулар қарастырылған. Сондай-ақ аталған елде технологиялық жаңарудың міндеті ауыл шаруашылығы субъектілеріне жүктеген. Жапония үкіметінің ғылыми-техникалық прогресті қамтамасыз ету, ғылымды қажетсінетін жоғары технологияларды ынталандыру шараларының ішінде аймақтық дамудың бағдарламалары көрнекі орын алады. Мұндай бағдарламалардың бірі – «Технополис» бағдарламасы. Жапонияның шеткері аймақтарындағы аудандардың жедел экономикалық дамуының жоспары болса да, бір уақытта олардың ғылыми-техникалық әлеуетін ұлғайтуға ғана емес, сонымен қатар тұтас елдің ғылыми-техникалық прогрестің қалыптасуына ықпал етеді [5].

Арнайы экономикалық аймақ (АЭА) интегралды және салалық болып екіге бөлінеді. Салалық арнайы экономикалық аймақта шаруашылықтың басым саласы жеделдете дамытылады. Арнайы экономикалық аймақ валюталық-қаржылық және салықтық жеңілдіктер беріледі, шетел капиталын тарту көзделеді. Шетелден әкелінген өнімге кеден салығы салынбайды не

салық мөлшері азайтылады, негізгі қорларды пайдалану мерзімі қысқартылады, ресурстарды пайдаланғаны үшін төлем мөлшері кемітіледі. Сонымен бірге арнайы экономикалық аймақты қазіргі заманғы инфрақұрылыммен (телефон, телефакс т.б.), шикізатпен, еңбек ресурстарымен үздіксіз қамтамасыз ету мәселелері де қарастырылады. Интегралды (яғни меншікті) арнайы экономикалық аймақта аймақ шаруашылығы жиынтық күйінде қаралады [6].

Қазақстанда арнайы экономикалық аймақтың (АЭА) әр түрлі түрлерін: сауда, экспорттық-өндірістік, ғылыми-технологиялық құру және дамыту көзделген және экономиканың басым салаларында құрылған. Әрбір АЭА-тың өз бағыты мен мақсаттары бар. Бірақ олардың барлығы жалпы функциямен біріктірілген – Қазақстан экономикасын әртараптандырудың катализаторы және елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы бойынша мемлекеттік бағдарламаның индикаторларына қол жеткізу құралы болу. АЭА-ның жалпы сипаты кедендік және салықтық жеңілдіктерді қамтитын қолайлы инвестициялық климаттың болуы болып табылады [7].

Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтардың (АЭА) құрылу ерекшеліктеріне байланысты негізгі үш топқа бөлуге болады және олар әр түрлі мақсаттар көздейді (2 сурет):



Ескерту – <http://business.gov.kz/ru/free-economic-zone/>

2 сурет – Арнайы экономикалық аймақтардың топтары

арнайы бірыңғай ақпараттық базаны
қалыптастыру;

■ «Павлодар» аймағы мұнай, химия өндірісін дамытуға бағытталған және осы өндірістерді экспортқа бағыттауды көздейді;

■ «Сарыарқа» аймағы металлургия және металл өңдеу саласын дамыту, дайын өнімдерді өндіру;

■ «Қорғос-Шығыс қақпасы» аймағы экспорттық сауда қызметін және оның транзиттік әлеуетін қалыптастыруға қажетті ықпалын тигізетін индустриалдық және көліктік-логистикалық орталық құру;

■ «Ұлттық индустриалдық мұнай және химия технопаркі» аймағын құрудағы көзделген мақсаты көмір шикізатының тереңінен өндірілуі және бәсекелік қабілеттілігінің артуын;

■ «Тараз-химиялық паркі» аймағының мақсаты жоғары технологиялардың көмегімен химияның жаңа өндірісін қалыптастыруға негізделген. 3 суретте АЭА-дың бағыттары көрсетілген.



Ескерту – <http://business.gov.kz/ru/free-economic-zone/>

3 сурет – Қазақстандағы арнайы экономикалық аймақтардың картасы мен олардың бағыттары

себебі: халықтың тауар айналымының өсуінің барысы, экономикалық үрдістердің теренделуінің нәтижесінде экономиканың қарқынмен өсуінің және инвестициялардың шоғырлануы факторларынан қарастырылады.

АЭА-ның әлемдік жұмыс істеу тәжірибесі туралы айта келе, Қытайда 20 жылдан астам жұмыс істеп келе жатқан қытайлық АЭА-ның тәжірибесін назардан тыс қалдырмауға болмайды. Арнайы аймақтардың арқасында бұл мемлекет жоғары макроэко-

және жіп өндіру мақсат өндірісін дамытуға инвестицияны арттыру болғандықтан қазіргі таңда "Оңтүстік" арнайы экономикалық аймағында жалпы құны 27,8 млрд. теңгенің 10 жобасы жүзеге асқан және 1 056 жұмыс орны ашылған, мақта өндірісінің 2018 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 15,3 пайызға артқаны байқалған, «OxyTextile» және «Хлопкопром-Целлюлоза» компанияларының екі инвестициялық жобалары жүзеге асырылған [10].

Бұл құрылған арнайы экономикалық аймақ тек Оңтүстік Қазақстан облысына ғана емес, республика экономикасына да өзінің оң ықпалын тигізді. Арнайы экономикалық аймақтың негізгі мақсаты мақта өңдейтін жоғары технологиялық өндірісті, өнеркәсіптің тоқыма және тігін саласын кешенді дамытуды, сондай-ақ Қазақстанның әлемдік шаруашылық байланыстар жүйесіне белсенді түрде кіруін көздейді. Арнайы экономикалық аймаққа кіретін мекемелер толық істеген жағдайда нақты болжамдарға сүйенетін болсақ, облыста жыл сайын орта есеппен 1 млрд. АҚШ долларының өнімі өндіріледі. “Оңтүстік” АЭА-ның негізгі артықшылықтары:

* ең ірі жеңіл өнеркәсіп өнімдерін импорттаушы-рыноктарға тиімді географиялық орналасуы;

Қазақстанның экономикасын одан әрі жандандыру үшін 2005 жылдың 6 шілдесінен бастап заңды түрде «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймақты құру туралы шешім қабылданды. «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймаққа Сайрам өлкесінен 200 га жер бөлініп, жоғары технологиялық 15 мақта тоқыма өндіріс орындарын ашып, 6 000-ға жуық адамды жұмыспен қамту көзделді. Арнайы экономикалық аймағын құрудың мақсаты жеңіл өнеркәсіпті дамыту

«Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы ауыл шаруашылығы өндірісіне бағытталуы, оның ішінде мақта өндірісіне негізделуі – халықтың әл-ауқатын көтеруге септігін тигізді және осы салаға негізделген кәсіпорындар арнайы экономикалық аймақ режимін пайдалана отырып дамиды және жұмыс орындарын көбейтуге, аймақтың

дамуына мүмкіндік берді. Олай болса, аймақ халқы үшін «ақ алтын» болып есептелінетін ауыл шаруашылығы өнімін одан әрі көбейту үшін арнайы экономикалық аймақ мүмкіндіктері жоғары.

Ауыл шаруашылығына арнайы экономикалық аймақтарды құрудың маңызды жақтарының бірі ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуда индустриялық-инновациялық мәселелер шешіледі. Технологияларды қарқынды дамыту және халықаралық бәсекелестікті тұрақты қатайту жағдайында АЭА құру арқылы ел экономикасының дамуын ынталандыруға болады. Индустриялық-инновациялық жанасу ауыл шаруашылығының шаруа қожалықтары мен кәсіпорындарының салалық құрылымына әсер ете отырып, келесідей мәселелерді шешуге мүмкіндік береді:

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының және шаруа қожалықтарының өндірістік шығындарын үнемдеуге және ауыл шаруашылығына мамандандуды арттырады;
- ауыл шаруашылығының өндіріс көлемін арттырып, өнімділіктің артуына септігін тигізеді;
- маманданған ауыл шаруашылығы субъектілерінің бірлестіктері мен қауымдастықтарының құрылуына алып келеді.

Қазақстандағы ауылдық елді мекендерді тұрақты дамыту агроөнеркәсіптік кешенді қолдау, әлеуметтік қолдау, халықтың тұрмыс деңгейін арттыру және оңтайлы кеңістіктік ұйымдарды дамыту бағдарламаларын іске асыру деңгейіне байланысты. Ауылдық жерлерде қолданыстағы инфрақұрылымды деңгейі, макро және микроэкономика, әлеуметтік инфрақұрылымды деңгейінде өндірістік қуаты орналастыру жоспарларын жоспарлау, әзірлеу және іске асыру неғұрлым мақсатты үйлестіру, әлеуметтік басқару және басым бағыттарының белгіленген дәстүрлері сәйкес халық тарату өңірлер мен жекелеген аумақтардың экономикалық дамуы тұрақты даму мақсаттарына сәйкес келуі қажет.

Тұжырымдар.

Жоғарыда баяндалғанды қорыта келе, АЭА өңірлік өзін-өзі дамытуды ынталандыруды қамтамасыз ететін өңірлерді қолдау мен дамытудың неғұрлым тиімді тетіктерінің бірі деп атауға болады деген қорытынды жасау керек. АЭА аймақ деңгейінде нарықтық тетіктердің үйлесуінің кешенді көрінісі ретінде қарастырылады:

1. Мемлекет үшін: экономика салаларының қарқынды дамуын, сондай-ақ оларды әртараптандыруды қамтамасыз етеді.
2. Капитал иелері (әлеуетті инвесторлар), кәсіпкерлік құрылымдар үшін:

тұрақсыздығы жоғары және белгісіздіктің өсуі жағдайында қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыру тәуекелдерін азайтады.

3. Ерекше экономикалық аймақ құрушы аймақта тұратын халық үшін: өмір сүру деңгейін арттырады, жаңа жоғары ақы төленетін жұмыс орындарын алады.

4. Өңір үшін: аумақтың инвестициялық тартымдылығын арттырады, экономикаға қаржы ресурстарын тартады, өңірлік бюджетті толықтыруды қамтамасыз етеді, бюджет құрушы өңірлік құрылымдарды күшейтеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Смородинская, Н.В. Организация особых экономических зон в мировой и российской практике: концептуальные аспекты [Текст] / Н.В. Смородинская // Вестник Института экономики Российской академии наук. – 2013. - №3. – С. 16-36.
- 2 Шумаев, В.А. Опыт Китая по привлечению иностранных инвестиций путем организации особых экономических зон [Текст] / В.А. Шумаев // Инноватика и экспертиза: научные труды. - 2014. - № 1. – С. 134–143.
- 3 Алтухов, А.И. Инновационная деятельность – стратегическое направление развития аграрной сферы экономики [Текст] / А.И. Алтухов // Прикладные экономические исследования. - 2016. - №3. - С. 19-25.
- 4 Рахимбеков, Т.С. Ауыл шаруашылығы сапасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру [Мәтін] / Т.С. Рахимбеков, Б.М. Исаков // Проблемы агробизнеса. – 2017. - №2. - Б. 4-10.
- 5 Маслова, И.А. Роль и значение инноваций в современной экономике [Текст] / И.А. Маслова // Управленческий учет. - 2018. - №4. – С. 97-106.
- 6 Ильясова, К.М. Специальные экономические зоны Казахстана в архивных источниках (период независимости) / К.М. Ильясова, С.А. Багдатов, Б.М. Курманбаев, А.Ж. Смагулов, М.В. Кемельбекова. - (<http://www.e-history.kz/ru/publications/view/3764>).
- 7 Кажыкен, М.З. Региональные инфраструктуры Казахстана: экономические зоны [Текст] / М.З. Кажыкен // Транзитная экономика. - 2013. - № 7. – С. 14-22.
- 8 Голошов, К.А. История развития свободных экономических зон. Опыт Китая в сфере их создания и функционирования [Текст] / К.А. Голошов // Таможенное дело. - 2014. - № 3. - С. 33-35.
- 9 Руйга, И.Р. Опыт формирования и развития особых экономических зон в Китае [Текст] / И.Р. Руйга, М.В. Ефремова // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. - 2016. - №11. - Ч.1. - С.113-117.
- 10 Түркістан облысының әкімдігінің ресми интернет-сайт. - 2019. - (<http://www.gov.kz/pages/arnay>).